

## **Құпиялылық саясаты**

«Гранд Отель Тянь-Шань» ЖШС (әрі қарай — «Отель») өз қонақтарының және веб-сайт пайдаланушыларының құпиялылығын құрметтейді және олардың жеке деректерін қорғауды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Осы Құпиялылық саясаты біз жинайтын деректер, оларды қалай пайдаланатынымыз және қоргайтынымыз туралы түсінік береді.

### **1. Жеке мәліметтерді жинау және пайдалану**

Біз келесі жеке мәліметтерді жинай аламыз:

- ✓ Байланыс ақпараттары: аты, тегі, телефон нөмірі, электронды пошта мекенжайы;
- ✓ Төлем мәліметтері: төлем әдісі туралы ақпарат, банктік картаның деректері (брондау кезінде);
- ✓ Қонақтың Отельде тұруы туралы мәліметтер: келу және кету күндері, қонақтың қалаулары, қызмет көрсету сұраныстары;
- ✓ Техникалық ақпарат: IP-мекенжайы, веб-сайтқа кіру деректері, cookie файлдары.

Біз осы мәліметтерді келесі мақсаттарда пайдаланамыз:

- ✓ Резервтеуді рәсімдеу және басқару;
- ✓ Сапалы қызмет көрсету және жекеленген қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- ✓ Төлемдер мен қаржылық операцияларды өндіру;
- ✓ Веб-сайттың және Отель қызметтерінің жұмысын жақсарту;
- ✓ Маркетингтік хаттамалар жіберу (жазылымнан бас тарту мүмкіндігімен);
- ✓ Заң талаптарын сақтау.

### **2. Мәліметтерді үшінші тұлғаларға беру**

Біз жеке мәліметтерді үшінші тұлғаларға бермейміз, тек келесі жағдайларда:

- ✓ Төлемдерді өндеуші және банктік мекемелер, төлем транзакцияларын өндеу үшін;
- ✓ Мемлекеттік органдар, заннамада көрсетілген жағдайларда;
- ✓ Қонақтың келісімімен қосымша қызметтер ұсынатын Отельдің серіктестері (мысалы, трансфер, экскурсиялар).

### **3. Жеке мәліметтерді қорғау**

Біз жеке мәліметтерді қорғау үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдаймыз, оның ішінде:

- ✓ Мәліметтерді жіберу кезінде шифрлау қолдану;
- ✓ Мәліметтерге тек уәкілетті қызметкерлердің қолжетімділігін шектеу;
- ✓ Қауіпсіздік жүйелерін үнемі жаңартып отыру.
- ✓ Дегенмен, қабылданған шараларға қарамастан, біз интернет арқылы мәліметтерді жіберу кезінде олардың абсолютті қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмаймыз.

### **4. Мәліметтерді сақтау**

Біз жеке мәліметтерді оларды өндеу мақсаттарын орындау үшін қажетті мерзімде немесе заңмен белгіленген мерзімдерге сәйкес сақтаймыз. Осы мерзімдер аяқталғаннан кейін мәліметтер жойылады немесе анонимдендіріледі.

## **5. Пайдаланушылардың құқықтары**

Қонақтар мен пайдаланушылардың келесі құқықтары бар:

- ✓ Өзінің жеке мәліметтеріне қолжетімділік сұрай;
- ✓ Өз мәліметтерін түзету немесе жою;
- ✓ Өз мәліметтерін өндеуге шектеу қою немесе қарсылық білдіру;
- ✓ Мәліметтерді өндеуге берілген келісімді қайтарып алу (егер өндеу келісімге негізделген болса);
- ✓ Уәкілетті органға шағымдану.

Оз құқықтарыныңды жүзеге асыру үшін төменде көрсетілген байланыс деректері арқылы бізге хабарласуға болады.

## **6. Cookie файлдарын пайдалану**

Біз веб-сайттың жұмысын жақсарту және контентті жекелендіру үшін cookie файлдарын пайдаланамыз. Қонақтар cookie файлдарының параметрлерін өз браузерлерінде басқара алады.

## **7. Байланыс ақпараттары**

Егер сізде біздің Құпиялылық саясаты немесе жеке мәліметтерді өндеу туралы сұрақтар болса, бізben келесі байланыс деректері арқылы хабарласуыңды сұраймыз:

«Гранд Отель Тянь-Шань» ЖШС  
Мекенжайы: Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 115  
Телефон: +7727 244 96 11  
Электрондық пошта: [reservations@ts-hotels.kz](mailto:reservations@ts-hotels.kz)

Колдануға енгізілген күні:

Біз осы Құпиялылық саясатын өзгерту құқығын өзімізде қалдырамыз. Барлық өзгерістер Отельдің веб-сайтында жарияланатын болады.